


Көмектесу үшін әрқашан жаныңызда

Өніміңізді тіркеп, келесі мекенжайдан қолдау алыңыз:
www.philips.com/support



BM90



Пайдаланушы нұсқаулығы

PHILIPS

Мазмұны

1 Маңызды	2
Қауіпсіздік	2

2 Мұнаралық дыбыс жүйесі	3
Кіріспе	3
Қораптың құрамы	3
Негізгі құрылғыны шолу	4
Қашықтан басқару құралына шолу	5

3 Жұмысты бастау	7
FM антеннасын қосу	7
Қуатты қосу	7
Қашықтан басқару құралын дайындау	7
Сағатты орнату	8
Қосу	8

4 Ойнату	10
Жалғыз режимде ойнату	10
Сыртқы құрылғыдан тыңдау	14
Топ режимінде ойнату	15

5 Дыбысты реттеу	18
Дыбыс деңгейін реттеу	18
Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау	18
Бассты жақсарту	18
Кеңірек жерде музыканы тыңдаңыз	18
Дыбысты өшіру	18

6 Басқа мүмкіндіктер	19
Дабыл таймерін орнату	19
Ұйқы таймерін орнату	20
Микробағдарламаны жаңарту	20

7 Өнім туралы ақпарат	21
RDS бағдарлама түрлері	22

8 Ақауларды жою	23
------------------------	-----------

9 Ескерту	25
Сәйкестік туралы декларация	25
Жазбаша ұсыныс	26

1 Маңызды

Қауіпсіздік

- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша құралдарды немесе аксессуарларды қолданыңыз.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін:
 - Батареяны өнімде белгіленгендей + және - белгілері бойынша дұрыстап салыңыз.
 - Өнім ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяны шығарып қойыңыз.
 - Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



Ескерту

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

2 Мұнаралық дыбыс жүйесі

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome веб-сайтында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- дискілерден, Bluetooth арқылы қосылған құрылғылардан, USB сақтау құрылғыларынан немесе басқа сыртқы құрылғылардан аудио тыңдау;
- izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамиктер тобының (жинақпен бірге берілмейді) көмегімен үйіңіздегі кез келген жерде музыка тыңдау;
- FM радиостанцияларын тыңдау.

Дыбыс шығысын мына дыбыстық әсерлермен байытуға болады:

- Динамикалық бассты күшейту (DBB)
- DSC (сандық дыбысты басқару)
- Шынайы дыбыс

Бұл құрылғы мына құрал пішімдерін қолдайды:




Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерін тексеріп, түгендеңіз:

- Негізгі бөлік
- 1 x FM сымды антеннасы
- 1 x 3,5 мм аудио кабелі
- Қашықтан басқару құралы (екі AAA батареясымен)
- Басып шығарылған материалдар

Негізгі құрылғыны шолу



①

- Құрылғыны қосу не өшіру.
- Күту режиміне немесе ECO режиміне ауыстыру.

② SRC

- Көзді таңдау: DISC, FMTUNER, USB, AUDIO IN немесе BT.

③ PRESET +/-

- Тюнер көзінде сақтаулы радио станцияны таңдау үшін түртіңіз.
- Диск/USB көзінде алдыңғы/келесі альбомға өткізу үшін түртіңіз.

④

- Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.

⑤

- Ойнатуды тоқтату.

⑥ GROUP түймесі/көрсеткіші

- Басқа бір izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамикпен топтастыру үшін басып тұрыңыз.
- Топтан шығару немесе қайтару үшін басыңыз.

- Топтау барысында жасыл түспен жанады.
- Топтау сәтті аяқталған соң ақ түс үздіксіз жанып тұрады (негізгі динамикте).

- Топтау сәтті аяқталған соң жасыл түс үздіксіз жанып тұрады (қосымша динамикте).
- Құрылғы қосымша динамик ретінде әрекет етіп, негізгі динамикті іздеген кезде жасыл түспен жыпылықтайды.

⑦ **Сигнал күшінің көрсеткіші**

- Топ байланысы сигналының күшін көрсетеді.

⑧

- Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, жолға немесе файлға өту.
- Жол/диск ішінен іздеу.
- Радиостанцияға реттеу.
- Уақытты реттеу.

⑨ VOL +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

10 AUDIO IN

- Сыртқы дыбыстық құрылғыға арналған дыбыс кірісі ұясы (3,5 мм).

11

- USB ұясы.

12 FM AERIAL

- FM антеннасының ұясы.

13 AC~MAINS

- Қуат розеткасы.

14 Диск бөлімі

15 ЖШД көрсеткіші (RC және BT көрсетілуіне арналған)

16 ▲

- Дискіні шығарыңыз.


17 SUB VOL

- Сабвуфердің дыбыс деңгейін реттеңіз.

18 PROG

- Диск /USB көзінде ойнатуды тоқтатып, жолдарды бағдарламау үшін түртіп тұрыңыз.
- Тюнер ресурсында радио станцияларды бағдарламаға енгізу үшін түртіп тұрыңыз.
- Күту режимінде сағат орнату үшін түртіп тұрыңыз.

Қашықтан басқару құралына шолу



1 ❶

- Құрылғыны қосу не өшіру.
- Күту режиміне немесе ECO режиміне ауыстыру.

2 ❷ GROUP

- Басқа бір izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамикпен топтастыру үшін басып тұрыңыз.
- Топтан шығару немесе қайтару үшін басыңыз.

3 ❸ CD

- CD көзін таңдау.

④ ALBUM/PRESET ▲ / ▼

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.

⑤ ►||

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

⑥ AUDIO IN/USB

- AUDIO IN немесе USB көзін таңдаңыз.

⑦ 🔊

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

⑧ ■

- Ойнатуды тоқтату.

⑨ PROG/CLOCK SET

- Диск /USB көзінде ойнатуды тоқтатып, жолдарды бағдарламау үшін басып тұрыңыз.
- Тюнер ресурсында радио станцияларды бағдарламаға енгізу үшін басып тұрыңыз.
- Күту режимінде сағат орнату үшін басып тұрыңыз.

⑩ SLEEP/TIMER

- Ұйқы таймерін орнату.
- Дабыл таймерін орнату.

⑪ DSC/DBB

- Сақтаулы дыбыс параметрін таңдау үшін қайталап басыңыз.
- Динамикалық бассты (DBB) қосу/өшіру үшін басып тұрыңыз.

⑫ FM

- FM көзін таңдау.

⑬ ◀◀ / ▶▶

- Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, жолға немесе файлға өту.
- Жол/диск ішінен іздеу.
- Радиостанцияға реттеу.
- Уақытты реттеу.

⑭ 🔌 PAIRING

- BT (Bluetooth) көзін таңдау үшін басыңыз.

⑮ Шынайы дыбыс

- Шынайы дыбыс әсерін қосыңыз/өшіріңіз.

⑯ VOL +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑰ Сандық пернетақта

- Жол таңдаңыз.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

⑱ REPEAT/SHUFFLE

- Қайталау/кездейсоқ ойнату режимін таңдаңыз.

⑲ RDS/DISPLAY

- RDS радио станциясы үшін радио деректер жүйесі (RDS) ақпаратын көрсету үшін басыңыз.
- MP3 ойнатылу барысында ID3 ақпаратын (қолжетімді болса) көрсету үшін басып тұрыңыз.

3 Жұмысты бастау



Назар аударыңыз

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды сәуленің шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Модель нөмірі және сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____


Сериялық нөмірі _____

FM антеннасын қосу



Кеңес

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.
 - FM стерео қабылдауын жақсарту үшін сыртқы FM антеннасын **FM AERIAL** ұясына қосыңыз.
- Жинақтағы FM антеннасын құрылғының артындағы **FM AERIAL** ұясына қосыңыз.




Қуатты қосу



Назар аударыңыз

- Өнімді бұзып алу қаупі бар! Қуат көзінің кернеуі негізгі құрылғының артқы жағында басылған кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! АТ қуат адаптерін қоспастан бұрын адаптер ашасының түрлендіргішінің бекітілгенін тексеріңіз. АТ қуат адаптерін ажыратқанда, сымнан емес, әрқашан ашадан ұстап розеткадан суырыңыз.
- АТ қуат адаптерін қоспастан бұрын барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.



Қашықтан басқару құралын дайындау






Назар аударыңыз

- Өнімді бұзып алу қаупі бар! Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын жағдайда батареяларды алып тастаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.

3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды шығарып қойыңыз.
- Ескі және жаңа батареяларды немесе басқа түрдегі батареяларды бірге салмаңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде қашықтан басқару құралындағы **PROG/CLOCK SET** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
↳ 12 немесе 24 сағаттық пішімі көрсетіледі.
- 2 12 немесе 24 сағаттық пішімін таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.

- 3 Растау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.

↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.

- 4 Сағатты таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басып, растау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.

↳ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.

- 5 Минутты таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басып, растау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.



Кеңес

- ЕСО режимінде немесе құрылғы қосұлы болғанда орнатылған сағатты көру үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басуға болады.

Қосу

- **⏻** түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.
↳ Құрылғы қайта қосылмай тұрып сигнал күші көрсеткіштері бірнеше секунд жанады.

Күту режиміне ауысу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін **⏻** түймесін басыңыз.
↳ Тақтада сағат (орнатылған болса) көрсетіледі.

ЕСО режиміне ауысу:

- **⏻** түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ Дисплей тақтасы күңгірттеледі.



Ескертпе

- Жалғыз режимде құрылғы 15 минут жұмыссыз тұрғаннан кейін ECO режиміне автоматты түрде ауысады.
- Топтау режимінде құрылғы автоматты түрде ECO режиміне ауыспайды.

Күту режимі мен ECO режимі арасында ауысу үшін:

- ϕ түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.

4 Ойнату

Жалғыз режимде ойнату


Жалғыз режим: **Жалғыз режим** динамиктің ешқандай басқа izzylink функциясымен үйлесімді көк бөлмелі динамиктермен топтастырылмағанын білдіреді. Оның орнына, ол дербес динамик ретінде пайдаланылады.

Дискіден ойнату

Ескертпе

- Дискіде ойнатылатын дыбыс мазмұнның бар екенін тексеріңіз.

- 1 Диск салғышқа дискіні жазуы бар жағын оң жағына қаратып салыңыз.
- 2 CD көзін таңдау үшін **CD** түймесін басыңыз.
 - ↳ Ойнату автоматты түрде басталады, егер басталмаса, **▶||** түймесін басыңыз.
 - Дискжетектен дискіні шығару үшін **EJECT** **▲** түймесін басыңыз.




USB құрылғысынан ойнату

Ескертпе

- USB құрылғысына ойнатылатын аудио контенті бар екенін тексеріңіз (19-беттері «Product information» (Өнім туралы ақпарат) бөлімін қараңыз).

- 1 USB құрылғысын  ұясына салыңыз.
- 2 **AUDIO IN/USB** көзін таңдау үшін **USB** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ Ойнату автоматты түрде басталады, егер басталмаса, **▶||** түймесін басыңыз.



Ойнату опциялары

Ойнатуды кідірту/жалғастыру

Ойнап тұрғанда ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.

Ойнатуды тоқтату

Ойнап тұрғанда ойнатуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.

Жолға өту

CD үшін:

Басқа жолды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

MP3 дискісі және USB үшін:

- 1 Альбомды немесе қалтаны таңдау үшін **ALBUM/PRESET ▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 2 Жолды немесе файлды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

Жолда іздеу

- 1 Ойнату барысында жолдың ішінен іздеу үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.
- 2 Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

Қайталап немесе кездейсоқ ойнату

- 1 Ойнату барысында келесі параметрді таңдау үшін **REPEAT/SHUFFLE** түймесін қайталап басыңыз:
 -  (біреуін қайталау): ағымдағы жол қайталап ойнатылады.
 -  (барлығын қайталау): барлық жол қайталап ойнатылады.
 -  (кездейсоқ): барлық жол кездейсоқ ретпен ойнатылады.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін **REPEAT/SHUFFLE** түймесін қайталау/кездейсоқ режимі көрсетілмегенше қайталап басыңыз.



Ескертпе

- Қайталау және кездейсоқ ойнатуды бір уақытта іске қосу мүмкін емес.
- Бағдарламаға енгізілген жолдарды ойнатқанда кездейсоқ ойнатуды таңдау мүмкін емес.

Жолдарды бағдарламалау

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалауға болады.

- 1 Ойнатуды тоқтатып, бағдарламалау режимін іске қосу үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
- 2 MP3 жолдары үшін **ALBUM/PRESET ▲ / ▼** түймесін басып, альбомды таңдаңыз.
- 3 Жолды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз, содан соң растау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа жолдарды бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.
- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін ▶▶ түймесін басыңыз.
 - Бағдарламаны жою үшін ойнатуды тоқтатып, ■ түймесін басыңыз.

ID3 ақпаратын көрсету

CD/USB режимінде ойнату барысында келесі ақпаратты көрсету үшін **RDS/DISPLAY** түймесін басыңыз (қолжетімді болса):

- Жол нөмірі
- Ойнату уақыты
- Тақырып атауы
- Орындаушы аты
- Альбом атауы



Bluetooth мүмкіндігі қосылған құрылғылардан ойнату



Ескертпе

- Бір құрылғыны осы құрылғымен жұптамастан бұрын, оның Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.
- Жабдық пен құрылғы арасындағы кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.
- Құрылғы мен Bluetooth мүмкіндігі қосылған осы құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- Жабдық бір уақытта екі Bluetooth құрылғыға дейін қоса алады.

Динамик арқылы музыканы сымсыз жолмен тыңдау үшін Bluetooth мүмкіндігі қосылған құрылғыны жабдықпен жұптастыру керек.



- 1 Bluetooth** көзін таңдау үшін **Ⓟ /PAIRING** түймесін басыңыз.
↳ [BT] көрсетіледі.

↳ ЖШД көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.

2 Кеңейтілген дыбысты тарату профилін (A2DP) қолдайтын құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз және жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

3 Bluetooth қолдайтын құрылғыда «Philips BM90 xxx» құрылғысын таңдаңыз және қажет болса, жұптау құпия сөзі ретінде «0000» мәнін енгізіңіз.

↳ Сәтті жұптастырудан және қосылудан кейін, Bluetooth индикаторы көкпеңбек болып жанады және құрылғы дыбыстық белгі береді.

4 Музыканы қосылған құрылғыда ойнатыңыз.

↳ Музыка ағыны Bluetooth қолдайтын құрылғыдан осы құрылғыға жіберіледі.

- «Philips BM90 xxx» құрылғысын іздеу сәтсіз болса немесе бұл құрылғымен жұптау мүмкін болмаса, жұптау режиміне өту үшін қысқа дыбыс естігенше **Ⓢ /PAIRING** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.

Ағымдағы Bluetooth мүмкіндігі қосылған құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз.

Жаңа Bluetooth мүмкіндігі қосылған құрылғыны қосу:

- Егер тек бір құрылғы қосылған болса, жұптастыру режимін қосу үшін **Ⓢ** PAIRING түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
- Егер екі құрылғы қосылған болса, ойнамай тұрған құрылғыны ажырату үшін **Ⓢ** PAIRING түймесін 3 секунд басып тұрып, жұптау режиміне өтіңіз.

Радио тыңдау



Кеңес

- Антеннаны теледидардан не басқа радиация көздерінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жинақтағы FM антеннасы қосылғанын тексеріңіз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

Радио станцияға реттеу

- 1 Тюнер көзін таңдау үшін **FM** түймесін басыңыз.
- 2 **◀◀/▶▶** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Қосымша станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Әлсіз станцияны дәл реттеу:

- **◀◀/▶▶** түймесін оңтайлы қабылдау табылғанша қайталап басыңыз.

FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау



Ескертпе

- Ең көбі алдын ала орнатылған 30 радио станцияны (FM) сақтауға болады.

- 1 Тюнер режимінде автоматты бағдарламалауды іске қосу үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін 2 секунд басыңыз.
↳ **[AUTO SRCH]** (АВТОМАТТЫ ІЗДЕУ) мәтіні көрсетіледі.
↳ Барлық қолжетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.
- 2 Алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін **ALBUM/PRESET ▲ / ▼** түймесін басыңыз.

FM радио станцияларын қолмен сақтау

- 1 FM радио станциясын реттеу.
- 2 Бағдарламалау режимін іске қосу үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ **[PROG]** (БАҒДАРЛАМА) белгішесі жыпылықтайды.
- 3 Радио жиілігін таңдау үшін **ALBUM/ PRESET ▲ / ▼** түймесін қайталап басыңыз.
- 4 Растау үшін **PROG/CLOCK SET** түймесін қайта басыңыз.
↳ Алдын ала орнатылған станцияның жиілігі көрсетіледі.
- 5 Қосымша FM станцияларын сақтау үшін жоғарғы қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау

- FM режимінде алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау үшін **ALBUM/ PRESET ▲ / ▼** түймесін басыңыз.

RDS ақпаратын көрсету

RDS (радио деректер жүйесі) — FM станцияларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет.

- 1 RDS станциясына реттеңіз.
- 2 Төмендегі ақпаратта (бар болса) жылжу үшін **DISPLAY/RDS** түймесін қайталап басыңыз:
↳ Бағдарлама қызметі
↳ Бағдарлама түрлері: **[NEWS]** (ЖАҢАЛЫҚТАР), **[SPORT]** (СПОРТ), **[POP M]** (ПОП МУЗЫКА...)
↳ Радио мәтін хабары

Стерео/моно хабар таратуды таңдау



Ескертпе


- Стерео хабар тарату — тюнер режимінің әдепкі параметрі.
- Сигналдары әлсіз станциялар үшін: қабылдауды жақсарту үшін моно дыбысқа өзгертіңіз.

- FM тюнер режимінде моно және стерео хабар тарату арасында ауысу үшін, ►|| түймесін басыңыз.
↳ Радио станция стерео хабар таратуы болған кезде **[STEREO]** (СТЕРЕО) мәтіні көрсетіледі.

Сыртқы құрылғыдан тыңдау

Сыртқы құрылғыны осы жабдық арқылы 3,5 мм аудио кабелімен тыңдауға болады.

- 1 3,5 мм аудио кабелін келесі құрылғылар арасына қосыңыз:
 - жабдықтағы **AUDIO IN** ұясы (3,5 мм);
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап/ **LINE OUT** ұясы.
- 2 **AUDIO IN** көзін таңдау үшін **AUDIO IN/ USB** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Қосылған құрылғыда музыканы ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).



Топ режимінде ойнату


Топ режимі: егер бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамик болса, топ жасауға және бір уақытта динамиктер тобына ағынмен музыка жіберуге болады.

Осы мүмкіндікті пайдалану үшін бірнеше izzylink функциясымен үйлесімді көп бөлмелі динамик сатып алу қажет.

Ескертпе

- Біреуін негізгі және төртеуін қосымша ретінде бес динамикке дейін топ жасауға болады.
- Төмендегі суреттерде BM5 (әрбір суреттің оң жағында көрсетілгендей) BM90 құралымен топтау мысал ретінде түсірілген.

Топ жасау



Ескертпе

- Топты жасаған сайын топ функциясы қосылған бірінші динамик негізгі ретінде пайдаланылады.

- 1 Бірінші динамикте **GROUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз (негізгі).
- 2 Екінші динамикте **GROUP** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз (бағыныңқы).
- 3 Байланысты орнату үшін 15-30 секунд күтіңіз.
- 4 Қосымша бағыныңқы динамиктерді бір-бірлеп қосу үшін 1-3-қадамдарды қайталаңыз.

Ескертпе

- Тек қосымша динамиктерді бір-бірден қосуға болады. Қосалқы динамик қосқан сайын, түймедегі көрсеткіш жыпылықтап, динамик дыбыстық белгі бергенше негізгі динамиктегі **GROUP** түймесін басып тұрыңыз.
- Егер бағыныңқы динамиктегі сигнал күші көрсеткіші нашар күйді көрсетсе, оны негізгі динамикке жақындатыңыз.

Бар топқа келесі динамиктерді қосуға болады немесе олармен жаңа топ жасауға болады:

- Зауыттық әдепкі параметрлерден тұратын динамик
- Бағыныңқы құрылғысы қосылмаған негізгі динамик
- Негізгі динамиктен ажыратылған бағыныңқы динамик (**GROUP** көрсеткіші жыпылықтап тұр)

Негізгі динамиктен бүкіл топқа ойнату


Ескертпе

- Bluetooth режимінде қосылған ұялы телефонда кіріс қонырауы немесе бейнені жазу кезінде музыка ойнатылуы уақытша тоқтайды.

- Егер бұл динамик (BM90) негізгі ретінде әрекет етсе, көзді таңдап, динамиктердің бүкіл тобына ойнатыңыз.

Негізгі динамикті ауыстыру

Топтағы ағымдағы негізгі динамикті оңай ауыстыруға болады. Мысалы, Bluetooth режимінде ұялы телефон ағымдағы негізгі динамикпен байланысты жоғалтатын болса, ең жақын бағыныңқы динамикті негізгі ретінде орнатуға болады.




- Топ негізгісі ету үшін бағыныңқы динамикте кез келген түймені басыңыз.



Ескертпе

- Мобильді құрылғыны жаңа негізгі динамикпен бұрын жұптамаңыз, қазір жұптаңыз.

Жалғыз режимге ауыстыру



- Топ режимін жалғастыру үшін негізгі құрылғыда **GROUP** түймесін қайта басыңыз.
- Ⓑ Жалғыз режимге ауыстыру үшін бағыныңқы құрылғыда **GROUP** түймесін басыңыз. Қайта қосылу үшін **GROUP** түймесін қайта басыңыз.

Топ күйін қайта орнату

- Топтау ақаулары туындаса, қайта орнату үшін **GROUP** түймесін 8 секунд басып тұрыңыз.

- Ⓐ Жалғыз режимге өту үшін негізгі құрылғыда **GROUP** түймесін басыңыз.
- ↳ Бағыныңқы құрылғылар 15 минут ішінде негізгі құрылғыны іздейді.
 - ↳ Бағыныңқы құрылғылармен жаңа топты жасауға болады немесе жалғыз режимге өту үшін **GROUP** түймесін басыңыз.

5 Дыбысты реттеу

Келесі әрекеттерді барлық қолдау көрсетілетін медиаға қолдануға болады.

Дыбыс деңгейін реттеу

Ойнату барысында дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Сабвуфердің дыбыс деңгейін реттеу

Ойнату барысында тұрғанда сабвуфердің дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін негізгі құрылғыдағы **SUB VOL** түймесін түртіңіз.

Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау

Ойнату барысында келесі параметрді таңдау үшін **DSC/DBB** түймесін қайталап басыңыз:

- **[BALANCED]** (ТЕҢГЕРІЛГЕН)
- **[POWERFUL]** (КҮШТІ)
- **[CLEAR]** (ТАЗА)
- **[BRIGHT]** (ЖАРЫҚ)
- **[WARM]** (ЫСТЫҚ)

Бассты жақсарту

Ойнату барысында динамикалық бассты күшейту үшін **DSC/DBB** түймесін басып тұрыңыз.

- ↳ Егер DBB іске қосылса, DBB мүмкіндігі қосылады.

Кеңірек жерде музыканы тыңдаңыз

Ойнату барысында шынайы дыбыс әсерін қосу не өшіру үшін **Living Sound** түймесін басыңыз.

- ↳ Егер шынайы дыбыс іске қосылса,  мәтіні көрсетіледі.

Дыбысты өшіру

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру үшін  түймесін басыңыз.

6 Басқа мүмкіндіктер

Дабыл таймерін орнату

Бұл құрылғыны дабыл сағаты ретінде пайдалануға болады. Дабыл көзі ретінде **DISC**, **USB** немесе **TUNER** тармағын таңдауға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде **SLEEP/TIMER** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
- 2 Дабыл көзін (**DISC**, **USB**, or **TUNER**) таңдау үшін **◀◀** / **▶▶** түймесін қайталап басыңыз
- 3 Растау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты, минутты орнату және дабылдың дыбыс деңгейін реттеу үшін 2-3-ші қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Егер 90 секундтың ішінде ешқандай түйме басылмаса, жүйе таймер орнату режимінен автоматты түрде шығады.

Дабыл таймерін іске қосу немесе өшіру:

- Дабыл ақпаратын көру және дабылды іске қосу немесе өшіру үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайталап басыңыз.
↳ Егер таймер іске қосылса, **[TIMER]** (**ТАЙМЕР**) мәтіні көрсетіледі.
↳ Егер таймер өшірілсе, **[TIMER OFF]** (**ТАЙМЕР ӨШІРУ/И**) мәтіні көрсетіліп, **[TIMER]** (**ТАЙМЕР**) мәтіні жойылады.



Кеңес

- Ешбір **DISC** немесе **USB** құралы анықталмайтын болса, **FM** әдепкі сигнал көзі ретінде қолданылады.

Ұйқы таймерін орнату

- Құрылғы автоматты түрде өшірілудің алдында минут санын орнату үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз:
 - [SLP 120] (ҰЙҚЫ 120)
 - [SLP 90] (ҰЙҚЫ 90)
 - [SLP 60] (ҰЙҚЫ 60)
 - [SLP 45] (ҰЙҚЫ 45)
 - [SLP 30] (ҰЙҚЫ 30)
 - [SLP 15] (ҰЙҚЫ 15)
 - [SLP OFF] (ҰЙҚЫ ӨШІРУЛІ)



Кеңес

- Құрылғы «Оп» (Қосу) күйінде болғанда ғана ұйқы таймерін орнатуға болады.

Микробағдарламаны жаңарту



Ескерту


- Динамикті үнемі микробағдарламаны жаңартуға арналған айнаымалы ток көзіне қосыңыз.
- Микробағдарламаны жетілдіруді аяқтау алдында динамик қуатын өшірмеңіз немесе USB жаппай сақтау құрылғысын ажыратпаңыз.



Ескертпе

- USB картасы FAT16/32 пішімделгенін тексеріңіз.

- Компьютерде/Мас құрылғысында www.philips.com/support веб-сайтына өтіңіз.
- Ең соңғы қолжетімді микробағдарламаны жаңарту файлдарын табу үшін үлгі нөмірін енгізіңіз.



- Жаңарту файлдарын мұрағаттан шығарып, USB картасының түбірлік каталогына сақтаңыз.
- USB көзін таңдау үшін **USB** түймесін басып, USB картасын динамиктің артқы жағындағы USB ұясына салыңыз.
- USB картасын алып тастамай, микробағдарлама жаңартуын 3-4 минут күтіңіз.
 - Микробағдарламаны жаңарту кезінде дисплей тақтасында «UPGRADE» (КЕРІ ЖАҢАРТУ) хабары көрсетіледі.
 - Микробағдарламаны жаңарту кезінде дисплей тақтасында «SUCCESS» (СӘТТИ) хабары көрсетіледі.
- Динамиктің айнаымалы ток қуатын ажыратып, USB картасын алыңыз.
- Айнаымалы ток қуатын қайта жалғап, динамикті қосыңыз.



Кеңес

- Жаңарту аяқталған кезде, USB картасынан жаңартылған файлдарды жоюды ұмытпаңыз.

7 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Номиналды шығыс қуаты (Күшейткіш)	200 Вт
Дыбыстық жиілік жауабы	100 - 16 кГц +/-3 дБ
Динамик драйвері	5,25" вуфер + 3 x 2,75" толық ауқым, 6Ω
Бассты күшейту	1 x басс порты
Диск түрін қолдау	CD-DA, CD-R, CDRW, MP3- CD (12 см)
Bluetooth нұсқасы	V2.1 + EDR
Bluetooth қолдайтын профильдер	A2DP V1.2, AVRCP V1.4
Bluetooth жиілік диапазоны / Шығыс қуаты	2,400 ГГц ~ 2,483 ГГц ISM (өндірістік, ғылыми және медициналық) диапазоны / ≤ 4 дБм (Класс 2)
Wi-Fi: жиілік диапазоны / Шығыс қуаты	2,412 ГГц ~ 2,462 ГГц ISM (өндірістік, ғылыми және медициналық) диапазоны (CH 1-11 аралығы) / < 20 дБм
USB (ойнату үшін)	A түрі, USB Direct 2.0, 5 В / 500 мА, MP3 пішімі; FAT12, FAT16, FAT32 (Сектор өлшемі: 512 байт)

Тюнердің жиілік ауқымы	FM 87,5-108 МГц
Алдын ала орнатылған станциялар	20
AUX кіріс деңгейі	1000+/- 100 мВ RMS
Қуат	Айнымалы ток кірісі: 220 ~ 240 В, 50/60 Гц
Жұмыс режимінде қуатты тұтынуы	<80 Вт
Желілік күту режимінде қуатты тұтынуы	<3 Вт
ECO күту режимінде қуатты тұтынуы	< 0,5 Вт
Өнімнің өлшемдері (Е x Б x Қ)	Негізгі құрылғы 300 x 994 x 300 мм
Өнімнің салмағы	Негізгі құрылғы 10,73 кг

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы ақпарат

- Қолдайтын файл пішімі: MP3 (*.mp3)
- Қолдайтын MP3 бит жылдамдығы: 32-320 Кбит/сек CBR (тұрақты) және VBR (айнымалы).
- Қолдайтын USB файл жүйесі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)

Қолдау көрсетілетін MP3 диск пішімдері

- ISO9660, Joliet
- Ең көп тақырып саны: 128 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Ең көп альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~256 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары

RDS бағдарлама түрлері

NO TYPE	RDS бағдарлама түрі жоқ
NEWS	Жаңалықтар қызметтері
AFFAIRS	Саясат және ағымдағы істер
INFO	Арнайы ақпарат бағдарламалары
SPORT	Спорт
EDUCATE	Білім және біліктілікті арттыру
DRAMA	Радио пьесалары және әдебиеті
CULTURE	Мәдениет, дін және қоғам
SCIENCE	Ғылым
VARIED	Ойын-сауық бағдарламалары
POP M	Поп музыка
ROCK M	Рок музыкасы
MOR M	Жеңіл музыка
LIGHT M	Жеңіл классикалық музыка
CLASSICS	Классикалық музыка
OTHER M	Басқа музыка бағдарламалары
WEATHER	Ауа райы
FINANCE	Қаржы
CHILDREN	Балаларға арналған бағдарламалар
SOCIAL	Әлеуметтік істер
RELIGION	Дін
PHONE IN	Телефон кірісі
TRAVEL	Саяхат
LEISURE	Бос уақыт
JAZZ	Джаз музыкасы
COUNTRY	Кантри музыкасы
NATION M	Ұлттық музыка
OLDIES	Ескі музыка
FOLK M	Халықтық музыка
DOCUMENT	Деректік
TES	Дабылды тексеру
ALARM	Дабыл

8 Ақауларды жою



Ескерту

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан шешпеңіз.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін құрылғыны ешқашан өзіңіз жөндемеңіз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемаларға кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер проблема шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғы айнымалы ток қуат сымының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Айнымалы ток розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты күту режиміне ауысады.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Құрылғының әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін AUDIO IN көзіне ауысыңыз, одан кейін ■ түймесін 8 секундтан аса басып тұрыңыз.
- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Құрылғының кейбір түймелері жұмыс істемейді немесе құрылғы әдеттегідей істемейді.

- Демо режимін кездейсоқ белсендірген болуыңыз мүмкін. Мұндай жағдайда, «T-OFF» (ТАЙМЕР ӨШІРУЛІ) хабары көрсетіліп тұрғанда құрылғы қосылғанда ■ түймесін 15 секундқа басып тұрыңыз. Егер ақау кетпесе, қуат кабелін ажыратып, ○ түймесін басып тұрыңыз, содан соң қуат кабелін қайта қосыңыз. Барлық көрсеткіштер жыпылықтап, демо режимінен шыққанша түймені 15 секунд басып тұра беріңіз. Одан кейін қуатты қосып, құрылғыны әдепкі ретінде пайдалануға болады.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің басып шығарылған беті оңға қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны белгілі бір шектен асқан. Бұл ақаулық емес.

- Бұл файлдардың пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы осы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе басқа радиация көздерінің арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жинақтағы антеннаны қосып толығымен ұзартыңыз.

Bluetooth байланысы сәтті орнағаннан кейін де құрылғыда музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны осы құрылғы арқылы музыканы сымсыз ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Bluetooth бұл құрылғымен байланыса алмайды.

- Бұл құрылғыға қажетті профильдерді құрылғы қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Бұл құрылғы Bluetooth арқылы басқа құрылғымен қосылып қойған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптасқан мобильді құрылғы тұрақты қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз

немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

- Қоңырауларды шалғанда немесе аяқтағанда кейбір ұялы телефондар тұрақты қосылып ажырауы мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр сымы ажыратылған. Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

Топ қосылымы сәтсіз болды

- Қосымша динамиктерді негізгі динамикке жақын жылжытыңыз.
- Тек қосымша динамиктерді бір-бірден қосуға болады.
- Негізгі динамикпен төрттен артық динамикті топтастыру мүмкін емес.
- Негізгі динамикті жалғыз режимге ауыстыруға болады.

Топтық ойнату кезінде музыка ағынының кейде дарылдауы немесе үзілуі

- Ағынмен берілген музыканың дарылдауы немесе үзілуі орын алса, үйдегі Wi-Fi желісі бос емес болғаны. Izzylink үйдегі Wi-Fi желісінен тәуелсіз болса да, ол динамиктер арасында байланысу үшін Wi-Fi сигналдарын пайдаланады. Келесі әрекеттерді орындап көріңіз: 1) үйдегі Wi-Fi желісінде трафикті азайту, мысалы, Wi-Fi желісіндегі үлкен файлдарды жүктеп алуды немесе басқа мазмұн ағынын тоқтату; 2) негізгі динамикті желіден ажыратып, оны қайта қосу арқылы оны қайта жүктеу.

9 Ескерту

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

С €0890

Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support веб-сайтынан табуға болады.

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке

жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау

Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



**Be responsible
Respect copyrights**

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson Innovations Limited лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Ескертпе

- Жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.

Жазбаша ұсыныс

Gibson Innovations Limited компаниясы осы құжат арқылы өнімде пайдаланылатын бастапқы коды ашық бағдарлама бумаларының сәйкес бастапқы кодының көшірмесін сұрау бойынша жеткізуді ұсынады. Мұндай ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады. Бұл ұсыныс бұйымды сатып алғаннан кейін үш жылға дейін жарамды. Бастапқы кодты алу үшін open.source-gi@gibson.com мекенжайына хабарласыңыз. Егер электрондық поштаны пайдаланбауды жөн көрсеңіз немесе осы электрондық пошта мекенжайына хабар жібергеннен кейін растау хабарын алмасаңыз, мына мекенжайға жазыңыз: Open Source Team, Gibson Innovations Limited, 5/F Philips Electronics Building, 5 Science Park East Avenue, Hong Kong Science Park, Shatin, N.T. Hong Kong.



2016 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved. This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license.

